Мемлекеттік сатып алуды бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу шартын тікелей жасау туралы негіздеме

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауынан «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам», 1-бөлім Жаңа экономикалық саясат: *«Мемлекеттік сатып алудың сапалы жаңа жүйесін қалыптастыру қажет. Сатып алынатын тауарлар мен қызметтердің сапасы, ең төмен бағаға емес, басымдыққа ие болуы тиіс».*

2022–2024 жылдар аралығында тауарлар мен көрсетілетін қызметтер баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен, ашық конкурс арқылы сатып алынды. Алайда тәжірибе көрсеткендей, сатып алынған тауарлар мен көрсетілетін қызметтер сапасыз болды. Мұны Мемлекет басшысы өзінің Жолдауында атап өтті.

Көбіне бір реттік және ай сайынғы қызмет көрсететін жеткізушілер байланысқа шықпай, қызметтерді үзіліспен көрсетті, сапасыз тауарлар жеткізді. Бұл өз кезегінде мемлекеттік кәсіпорындарға, мекемелерге және жалпы мемлекетке залал келтірді, өйткені мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелер мемлекет атынан әрекет етеді. Шағын сомаларға сатып алуларды жүргізу сапасыз және адал емес жеткізушілердің көбеюіне, сондай-ақ артық әкімшілік сот ісін жүргізудің туындауына әкелді.

Маңғыстау облысының әкімі Н.И. Қылыбайдың тапсырмасын орындау мақсатында, 2025 жылғы 9 маусымдағы білім беру ұйымдарында санитариялық-эпидемиологиялық бақылаудың және тамақтандырудың жаңа стандартын енгізу жөніндегі кеңестің хаттамасына (2.6-тармақ) сәйкес осы мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылады.

Осыған байланысты, Мемлекет басшысының Жолдауын іске асыру мақсатында және Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 5-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, сонымен қатар мемлекеттік сатып алуда пайдаланылатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтердің бағасы мен сапасының арақатынасын қамтамасыз ету арқылы қаражатты оңтайлы және тиімді жұмсау үшін, «Мектептік тамақтандыруды ұйымдастыру үдерістерін онлайн-мониторингтеу және деректерді білім беру платформасы EDUS базасында орталықтандырылған сақтау үшін аппараттық-бағдарламалық кешенді енгізу» бойынша мемлекеттік сатып алуды бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу шартын тікелей жасасу туралы шешім қабылданды.

Қосымша ретінде, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16-бабы 3-тармағы 28) тармақшасына сәйкес, «Мектептік тамақтандыруды ұйымдастыру үдерістерін онлайн-мониторингтеу және деректерді білім беру платформасы EDUS базасында орталықтандырылған сақтау үшін аппараттық-бағдарламалық кешенді енгізу» бойынша қолжетімділікті ұсыну қызметтерін мемлекеттік сатып алу бір көзден алу тәсілімен, мемлекеттік сатып алу шартын тікелей жасасу арқылы жүзеге асырылуы мүмкін, өйткені мұндай біртекті қызметтердің жылдық көлемі тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген айлық есептік көрсеткіштің бес жүз еселенген шекті мәнінен аспайды.

Директор: **Г.Нурболекова**